АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

02.10.2026 жыл **№ 11, 9-т.**

«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ-ның қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалы туралы.

«Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ-ның қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Н.С.Мынжасаровтың Кәсіподақтың филиалы ретінде кіруі туралы өтінішін қарастырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Жарғысының 6.2.-тармағын негізге ала отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ-ның қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалы құрылсын.
2. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ-ның қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалы туралы Ережесі бекітілсін.
3. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ-ның қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалы мүшелік жарнасының жалпы табысынан ай сайын Кәсіподақтың Орталық комитетіне 8 % төлем белгіленсін, ал оның 6 % Кәсіподақтың Орталық комитетіне, қалған 2 % Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясына аударады.

4. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» КеАҚ-ның қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалының төрағасысы міндетін атқару Н.С.Мынжасаровқа жүктелсін.

5. Құрылған филиалды мемлекеттік тіркеуден өткізу жөніндегі тиісті әрекеттерді ұйымдастыру Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бөліміне тапсырылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мұқашева**